

**Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясын тарату туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 3811

Қазақстан Республикасының астанасын Алматы қаласынан Ақмола қаласына ауыстыру мәселелерін мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі негізгі міндеттердің атқарылуына байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік

органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бұрын шығарылған актілерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті